

## Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 33 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 37-бабының 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 314-бабының 5-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшасың 12-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 60 шешімімен бекітілген Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 22-тармақтың 2-тармақшасы "бұған Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы "Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы" № 33 шешімінің 2-тармағының "а" тармақшасында көзделген жағдайлар қосылмайды" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 30-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тарифтік преференциялар беру мақсатында тауардың шығарылуын растау үшін тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі "Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы және 2019-nCov коронавирус инфекциясының таралуы жағдайында тауардың шығарылуы туралы сертификатты ұсыну ерекшеліктері туралы" № 36 шешімінде және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы "Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы" № 33 шешімінің 2-тармағының "б" тармақшасында не осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген жағдайда - тауардың шығарылуы туралы декларация ұсынылады".

2. 2022 жылғы 1 наурыздан бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 60 шешімімен бекітілген Дамушы елдерден және неғұрлым төмен дамыған елдерден

тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларының 27-тармағында көзделген тікелей сатып алу жағдайлары тарифтік преференцияларды беру үшін міндettі талап ретінде қолданылмайды;

б) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 37-бабының 3-тармағында көзделген мақсаттар үшін тауардың шығарылғанын раставу үшін тауарларға арналған декларация тіркелген күннен бастап 6 айдан кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілген сертификаттың түпнұсқасын міндettі түрде кейіннен ұсыну шартымен тауардың шығарылуы туралы сертификаттың электрондық немесе қағаз көшірмесі ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда декларант көрсетілген мерзімде тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасын кеден органына ұсыну туралы міндettемені сертификат көшірмесінің сыртқы жағына қолымен (еркін нысанда) жазады немесе басып шығарады деп белгіленсін.

3. Осы Шешімнің 2-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген мерзімдерде тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда тауардың шығарылуы расталмаған болып есептеледі.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді және 2022 жылғы 1 наурыздан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қыргыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б.Сұлтанов	А. Жапаров	А. Оверчук